

2012 жылдың қаңтар-наурызында азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының әкімінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 1 шешімі . Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 02 ақпанда № 11-3-129 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» заңының 17, 18-баптарына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу 2012 жылдың қаңтар-наурызында өткізілсін.

Шақыру учаскесі «Бейнеу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (одан әрі – Қорғаныс бөлімі) базасында құрылсын.

2. Село, селолық округтер әкімдері:
Қорғаныс бөліміне әскер жасына дейінгілердің сандық құрамын растайтын қ ұ ж а т т а р д ы б е р с і н ;

Қорғаныс бөліміне әскер жасына дейінгілерді әскери есепке алуда көмек көрсетсін.

3. М ы н а л а р ғ а ұ с ы н ы л с ы н :

1) «Маңғыстау облысының ішкі істер департаменті Бейнеу ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Борановқа:
азаматтарды тіркеу кезеңінде Қорғаныс бөлімімен өзара іс-қимыл ұйымдастыру және шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;
әскер жасына дейінгілердің шақыру учаскесіне келуін бақылауды жүзеге асыру және олардың тіркеуден жалтару әрекетінің жолын кесу;

2) «Бейнеу орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры З.Нұржановаға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы №44 «Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы» қаулысымен айқындалған тәртіппен шақыру учаскесіне тіркелуге жататын азаматтарды медициналық комиссиядан өткізуді қамтамасыз ету;

3) Қорғаныс бөлімінің бастығы С.Қабиевқа:
әскер жасына дейінгілерді шақыру учаскесіне тіркеуді толық қамтуға қол жеткізу және оларды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне қызмет етуге әзірлеуді ұ й ы м д а с т ы р у ;

тіркеу кезінде әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу жүргізу;
2012 жылдың 15 сәуіріне дейін шақыру учаскесіне тіркеу жөнінде аудан әкіміне а қ п а р а т б е р у .

4. «Бейнеу аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы М.Нысанбаевқа азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуге байланысты шығыстарды қаржыландыруды жүзеге асыру тапсырылсын.

5. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары К. М а ш ы р ы қ о в қ а жүктелсін.

6. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Б.Әзірханов